



Magzhan zhuldyzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті ● 2008 жылдың II шіңберінен шығады ● № 34 (781) 24 тамыз 2023 жыл

f www.facebook.com/Magzhan zhuldizi vk https://vk.com/Magzhan zhuldizi e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

Премьер-министр Әліхан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында егін жинау науқанына дайындық және жемшөппен қамтамасыз ету мәселелері қаралды. Жиында құрақшылықтан зардап шеккен егіншілер шығыны өтеліп, субсидия төлеу жеделдетілетіні және несиелердің мерзімі ұзартылатыны айтылды. Сондай-ақ отырыста алдағы жылу беру маусымына дайындық шаралары да пысықталды.

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗ ОЙЛА

ЕГІНШІНІҢ ЕҢСЕСІ ТҮСПЕЙДІ

Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев биылғы қолайлы жағдай егін орағын уақтылы бастауға мүмкіндік бергенін атап өтті. Бүгінгі таңда республика бойынша барлығы 2,4 млн гектар немесе 14,1% дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар жиналды. Орташа түсім гектарына 11,5 центнер болып, 2,8 млн тонна астық бастырылды.

Биыл ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы жиналатын алқабы 24 млн гектарды құрайды. Егер дақылдар бөлінісіне қарайтын болсақ, 13,7 млн га – бидай, 2,8 млн га – майлы дақылдар, 188 мың га – картоп, 165 мың га көкөніс жинауға дайын. Егін науқаны сапалы тұқымдарды пайдалану арқылы оңтайлы мерзімде жүргізілді. Дикандар тыңайтқыштарды дер кезінде беріп, арашөптер мен ауруларға қарсы химиялық өңдеу жұмыстарын уақтылы жүргізді.

Сонымен қатар вегетациялық кезеңде дикандар құрғақшылық пен егістік суының жетіспеушілігіне байланысты бірқатар қиындыққа тап болды. Бұл егістіктің жағдайына әсер етті. Осы ретте өңірлік ауқымда төтенше жағдай жариялау және шаруалардың шығындарын жабу, субсидияларды жеделдетіп төлеу және несие мерзімін ұзарту жұмыстары жүргізіліп келеді.

Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді жанар-жағармаймен қамтамасыз ету туралы Энергетика вице-министрі Жандос Нұрмағанбетов баяндама жасады. Оның айтуынша, егін жинау науқанын уақтылы жүргізу үшін 426 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді. Шілде-тамыз айларында 119 мың тоннасы немесе 28%-ы жөнелтілді. Жанармай қозғалысын бақылау және ашықтығын қамтамасыз ету үшін бірқатар қосымша шара қабылданды. Олардың ішінде жеке ПИН-кодтарды белгілеу, дизель отынын сары, көк және қызыл түстерге бояу, жеке виртуалды қоймалар құру бар.

Сонымен қатар Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Айдарбек Сапаров, Ақмола облысының әкімі Ермек Маржықпиев, Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов өңірлердегі жұмыстардың дайындығы мен жүзеге асырылу барысына тоқталды.

Премьер-министр егінді уақытында және сапалы жинап алу еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі басым міндеттердің бірі екенін атап өтті.

«Бірқатар өңірде егін орағы басталып кетті. Үкімет тарапынан қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша барлық қажетті шара қабылданды», деді Ә.Смайылов.

Мәселен, нарықтық бағадан 15%-ға төмен бағамен (250 теңге/литр) дизель отыны бөлінді. 140 млрд теңге бюджеттік несие беру көзделген. Сондай-ақ жаңа астықты форвардтық сатып алуға 81 млрд теңге бөлінді. Биыл мал азығын дайындауға арналған техника мен суару жүйелерін сатып алу үшін «ҚазАгроҚаржы» компаниясының жарғылық капиталын ұлғайтуға 20 млрд теңге бөлінді.

«Өздеріңіз білетіндей, жаз айлары жылдағыдан ыстық болды. Құрғақшылықтан бірқатар өңір зардап шекті. Оларда жиналатын өнім көлемі азайып қалайын деп тұр. Құрғақшылықтың салдарын жою мақсатында шұғыл шаралар қабылданды. Оның ішінде Үкімет резервінен қаражат бөлінеді», деді Премьер-министр.

Бұл ретте «Бәйтерек» холдингіне құрғақшылықтан зардап шеккен шаруалардың несиелері бойынша борыштарды төлеу мерзімін ұзарту және оны қайта құрылымдау мәселесін пысықтау тапсырылды.

«Жеткілікті көлемде өнім жиналады. Қазақстандықтар нансыз қалмайды», деп атап айтты Ә.Смайылов.

Сонымен қатар ол климаттың өзгеруі мен су тапшылығы ауыл шаруашылығы үшін үлкен қауіп-қатерге айналып отырғанын айтты. Сондықтан Су ресурстарын тиімді пайдалануды күшейту бойынша жол картасын әзірлеу, ал өңірлерге белсенді түрде су үнемдеу технологияларын енгізу талап етіледі.

Премьер-министрдің айтуынша, қазіргі жағдайда жемшөп дайындауға ерекше назар аудару қажет. Бүгінгі таңда Қостанай, Түркістан, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Алматы облыстарында мал азығын дайындау қарқыны жақсы. Ал Павлодар, Шығыс Қазақстан, Абай, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында жұмыс баяу жүрде.

«Аталған өңірлер Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, жұмыс қарқынын күшейтіп, жемшөп бағасының негізгі өсуіне жол бермеуі қажет», деді ол.

Үкімет басшысы сөзін қорытындылай келе, астықты дер кезінде тасымалдап, сақтау орындарын дайындау бойынша жұмысты уақтылы жүргізуді, сондай-ақ тұрақты бағаны сақтай отырып, жемшөп қорын сапалы дайындау бойынша тиісті шаралар қабылдау қажеттігін назарға алды.

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНА ТОЛЫҚ ДАЙЫН ЕМЕС

Үкімет отырысында алдағы жылу беру маусымына дайындық бойынша өзекті мәселелер қаралғанын айтты. Отырыс барысында Ә.Смайылов жылу беру маусымы алдында көмірді өткізу пункттерін, оның сапасы мен бағасының негізділігін тексеруді тапсырды.

Энергетика вице-министрі Ж.Нұрмағанбетовтің айтуынша, бекітілген кестеге сәйкес еліміздің электр стансаларында 10 энергетикалық блок, 49 қазандық және 54 турбинаны күрделі жөндеу көзделген. Бүгінгі таңда 4 энергетикалық блок, 24 қазандық және 15 турбина жөндеу жұмыстарымен қамтылған. Сондай-ақ 3 энергетикалық блок, 13 қазандық және 11 турбинада жөндеу жұмыстары аяқталды.

Бұған қоса биыл 25,3 мың км электр желісін, 567 қосалқы станциясы, сондай-ақ 3,5 мың тарату пункті мен трансформаторды күрделі жөндеу жоспарланған. Бүгінгі таңда 13 мың шақырым электр желісі, 364 қосалқы станция және 2 мың тарату пункті мен трансформатор бойынша жұмыстар аяқталыпты.

Жалғасы 2-бетте.

МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ

КОНСТИТУЦИЯ КҮНІМЕН!



30 ТАМЫЗ
ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІ

ҚҰРМЕТТІ СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР!



Сіздерді біздің еліміз үшін ең айықты мерекелердің бірі – Қазақстан Республикасы Конституциясының күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Бұл құжат 28 жыл бойы Қазақстанды күшті мемлекетке, ал оның тұрғындарын ынтымақты ұлтқа айналдыра отырып біздің қоғамда келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз етуде.

Негізгі Заңның өзекті қағидаларына негізделіп, біз елімізде нарықтық экономиканың қалыптасуы және демократиялық қоғам негіздерінің қалыптасуы сияқты республикамыз үшін өмірлік маңызды қайта құрулар жүзеге асырылды. Қазақстан бүгінгі халықаралық аренада белгілі елге айналды және әлемдік экономикалық жүйелер арасында өзіндік лайықты орын алды.

Алайда өмір бір орманда тұрмайды. Бүгінгі күрделі геосаяси жағдайлар мен төуекелдер ахуалында Қазақстанның алдында жаңа міндеттер тұр.

Бұл жағдайда Президент Қасым-Жомарт

Тоқаевтың бастамасы бойынша қабылданған және 2022 жылдың 5 тамызында өткен республикалық референдумда бекітілген ҚР Конституциясына түзетулер үлкен рөл атқарады.

Белгіленген қайта өзгертулердің басты мақсаты азаматтардың өмір сүру деңгейін арттыру, мемлекеттілікті жүйелі нығайту және қоғамды үйлесімді дамыту болып табылады.

Бүгінгі біздің Отанымыздың гүлденуі жолында баршаңыз өзміздің еңбегімізбен және қоғамның өміріне белсене қатысуымызбен солтүстікқазақстандықтардың бірнеше ұнағы жасағандарды сақтауға тиісіз.

Бұл мереке күні Сіздерге және жақындарыңызға мықты денсаулық пен бақыт, бейбітшілік, игілік пен біздің ортақ үйіміз – Қазақстан Республикасының гүлденуін тілеймін!

Мерекеңізбен! Конституция күнімен!

Айдарбек САПАРОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

ҚҰРМЕТТІ МАҒЖАНДЫҚТАР!



Сіздерді жалғыхалықтық мереке - Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ана Заңның негізгі ережелерінің негізінде ел үшін маңызды өзгерістер жүргізілді: нарықтық экономика, құқықтық мемлекет және демократиялық қоғам негіздерін құру. Конституцияның рухына сәйкес келетін іс-қимылдардың арқасында Қазақстан қоғамдық-саяси құрылыс пен әлеуметтік-экономикалық дамудың барлық салаларында елеулі нәтижелерге, сондай-ақ халықаралық аренада жоғары беделге қол жеткізді.

2022 жылғы 5 маусымда өткен референдумда ел азаматтарының қолдауымен Қазақстан Конституциясына енгізілген өзгерістер Жаңа әділ Қазақстанның құрылуындағы іргелі қадам болды. Барлық өзгерістердің негізі - қазіргі гео-

саяси жағдайда одан да маңызды болып табылатын басты құндылық ретінде халықтың бірлігі.

Қымбатты жерлестер!

Біздің орқайсымыз Конституцияның тек мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, жеке өзі, отбасы және балалары үшін маңыздылығын бағалап, өзінің конституциялық құқықтарын біліп, конституциялық міндеттерін қасиетті құрметтеп, орындауы маңызды.

Бұл мереке баршаңызға ертеңгі күнге, белгіленген мақсаттарға жетуге күш пен сенімділік берсін. Сіздерге бақыт пен бейбітшілік, жақсылық пен амандық, еңбекке табыс және тәуелсіз Қазақстанның игілігі үшін жаңа жетістіктер тілеймін!

Қайрат ОМАРОВ,
Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі.

ДЕПУТАТТАР НАЗАРЫНА!

2023 жылдың 25 тамызында аудан әкімі аппаратының мәжіліс залында аудандық мәслихаттың кезекті сессиясы болады.

Күн тәртібінде:

1. 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы.

2. Білім және мәдениет объектілерін жылыту маусымына дайындау.

3. Мағжан Жұмабаев ауданының Ақжайың және Бәйтерек ауылдық округтері әкімдерінің оларға жүктелген функциялар мен міндеттерді орындауы туралы.

Басқа да мәселелер.

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

Жалғасы, басы 1-бетте.
Жылу беру маусымына дайындық аясында төуекел аймағында тұрған энергетикалық кәсіпорындарға ерекше назар аударылды. Мәселен, Риддер ЖЭО-сында барлық қазандыққа жөндеу жұмыстары жүргізілуде, өртүрлі деңгейде осындай жұмыс Екібастұз, Жезқазған, Шахтинск, Кентау, Степногор ЖЭО-ларында және т.б. жерлерде жүргізіліп жатыр.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Ілияс Оспанов жылу желілерін, әлеуметтік сала нысандарын, тұрғын үйлер мен инженерлік коммуникацияларды дайындау туралы баяндама жасады. Бүгінгі таңда білім беру нысандарының дайындығы 88%-ды (9 399), денсаулық сақтау нысандарының дайындығы 88,6%-ды (5 015), тұрғын үйлердің дайындығы 75,1%-ды (37 555) құрайды. Бұл ретте республика бойынша 593 шақырым жылу желісін жөндеу жоспарланған. Қазіргі уақытта 382 км немесе жоспардың 64,4%-ы аяқталды.

Павлодар облысында жылу беру маусымын апатысз өткізу үшін қабылданып жатқан шаралар туралы өңір әкімі Асайын Байханов баяндама жасады. Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Шахтинск ЖЭО-сы және Теміртаудың екінші ЖЭО-сын жөндеу жұмыстары туралы айтып берді.

Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ногаев қыс мезгілінде «МАЗК» жұмысының тұрақтылығын қамтамасыз ету туралы, Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлы Жезқазған ЖЭО-сын жөндеу туралы, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Ермек

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗ ОЙЛА

Көшербас Риддердегі ЖЭО мен желілерді жөндеу жұмыстары туралы баяндады.
Ә.Смайыловтың айтуынша, жылыту маусымының басталуына бір айдан аса уақыт қалды және жалпы дайындық жұмыстары белсенді жүргізіліп жатыр. Жүйелік оператор «КЕГОС» компаниясы Жылу орталықтарындағы жөндеу жұмыстарының кестесін бекітті. Алайда бұл кестеден кешігу байқалып отыр, кей жағдайларда жөндеу жұмыстарын келесі жылға ауыстыру фактілері тіркелген.

«Сондықтан қыс уақытында осы объектілердің тұрақты жұмысында төуекелдер тұтындауы мүмкін. Мәселен, Теміртау, Риддер, Екібастұз, Жезқазған қалалары мен Маңғыстау облысы төуекел аймағында екенін атап өткен жөн», деді Үкімет басшысы.

Осыған байланысты Премьер-министр проб-лемаларды шешу үшін «Қазақмыс», «Орталық Азия отын-энергетикалық компаниясы», «АрселорМиттал Теміртау» компаниясының басшыларымен және иелерімен кездесулер өткізу қажет екенін қадап айтты.

Сонымен қатар Үкімет басшысы екі газ турбиналық стансаы жоспар бойынша іске қосудың маңызын атап өтті. Жалпы, Премьер-министрдің айтуынша, өңірлерде 13 мыңнан аса автономді қазандық дайындау қажет көрінеді.

«Іс жүзінде шамамен 11 мың қазандық

немесе 81%-ы дайындалды. Алматы, Жамбыл облыстарында және Шымкентте жұмыс қарқыны баяу», деді Ә.Смайылов.

Оған қоса Премьер-министр жылу желілерін жөндеу бойынша 4 өңір жұмыс көлемінің жартысын да аяқтамағанын айтты. Бұлар – Алматы, Маңғыстау, Қызылорда және Абай облыстары.

Сүмен жабдықтау желілері бойынша жөндеу жоспарланған 1,5 мың шақырымның тек 60%-ы ғана жөндеді. Басқа өңірлермен салыстырғанда Маңғыстау облысында, Алматы қаласында және Қызылорда облысында жұмыс қарқыны төмен.

Бұдан басқа энергия өндіруші ұйымдардың жеткізілген газ үшін «ҚазтрансГаз-Аймақ» компаниясына берешегі көп, шамамен 13 млрд теңгеге құрайды. Ең көбі – 10 млрд теңгеге МАЗК-тің қарызы, одан кейін Жайықжылуэнерго, Ақтөбе ЖЭО-сы, Өзен Жылу және Таразэнергоорталық тұр. Сондай-ақ ЖЭО-лардың «Богатырь-Көмір» компаниясына көмір үшін 6,4 млрд теңге сома берешегі бар. Оның ішінде Павлодарэнергоның қарызы ең көбі – 2,6 млрд теңге, Серкөзэнерго – 1,4 млрд теңге және Екібастұз жылу энерго – 1,3 млрд теңге.

«Бұл қарыздарды жаңа маусымға қалдыруға болмайды. Өйткені отынның нормативтік қорларын қалыптастыруда проблемалар орын алуы мүмкін. Аталған өңірлердің әкімдері осы мәселелерді шешуі керек», деді Ә.Смайылов.

Үкімет басшысы жалпы жылыту маусы-

мына дайындық және оны өткізу барысы күнделікті маңызды мәселе екенін ескерте отырып, өрбір өңірде жол картасын әзірлеп, бекіту қажеттігін назарға алды.

«Онда жылу желілерін дамыту, жаңа Жылу орталықтарын салу мен қолданыстағы орталықтарды күрделі жөндеу жұмыстары нақты айқындалады. Сондай-ақ апат болған жағдайда өңірлік коммуналдық қызметтер мен Жылу орталықтарының іс-қимылының әр қадамы жазылған алгоритм бекітілуге тиіс», деді Үкімет басшысы.

Сонымен қатар Премьер-министр осы сектордағы цифрландыру мен автоматтандыру деңгейін арттыру маңызды екенін айтты.

«Жылу желісі инфрақұрылымының жай-күйі, шығын деңгейі, тұтынатын жылу энергиясының саны мен сапасы туралы объективті деректер қажет. Бұл жылу жүйесін басқаруға және жылу беретін объектілердегі авариялар санын азайтуға мүмкіндік береді», деді ол.

Жалпы, Үкімет басшысы белгіленген мерзімде барлық жоспарланған жөндеу жұмысының аяқталуын және қажетті көлемде отынның алдын ала жеткізілуін қамтамасыз етуді талап етті.

«Ішкі көмір нарығында дүрбелеңге жол бермеу үшін өңір әкімдіктері тиісті тәртіппен екі апта мерзімде көмірді дайындау және өткізу пункттерінің жағдайына, оның сапасына, жеткізу кестелеріне, бағалардың негізділігіне тексеру жүргізуі қажет», деді Ә.Смайылов.

Чистов ауылдық округінің әкіміне кандидат
ЕСМАҒАМБЕТОВ ДУЛАТ ТАЛАПҰЛЫ
ӨМІРБАЯНЫ

1994 жылы 30 шілдеде СҚО Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышенка ауылында дүниеге келген.

Білімі жоғары, 2014 жылы «Арна» Көкшетау колледжін есеп және аудит мамандығы бойынша бітірген.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округі әкіміне өзін-өзі ұсыну жолымен кандидат ретінде ұсынылды.

«Аманат» саяси партиясының мүшесі.

Еңбек жолы:

2013 жылдан 2014 жылға дейін «Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ кредиттік кеңесші;

2015 жылдан 2017 жылға дейін «Бамхан-Север» ЖШС хатшы-іс жүргізуші;

2017 жылдан 2019 жылға дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Писарев ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ бас маманы;

2019 жылдан 2020 жылға дейін

«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» КММ жергілікті бюджет секторының бас маманы;

2020 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі» КММ экономика бойынша бас маманы болып жұмыс істейді.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Төуелсіздік жылдарында Қазақстанда саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірде елеулі өзгерістер болды, олар мемлекетті басқару нысандарын жетілдіруге ықпал етті және мемлекеттік қызметшілерге жаңа, неғұрлым қатаң талаптар қойды.

Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заңға сәйкес жоғары тұрған лауазымға орналасу үшін мемлекеттік қызметкер төменгі лауазымнан бастау қажет. Ауылдық округтің әкімі алдымен жаңаша ойлайтын, алға қойған мақсаттарға қол жеткізетін, ауылды дамытуға және көркейтуге ұмтылатын, өз округінде белсенді адамдарды тауып, біріктіре білетін болуы қажет деп санаймын.

Мен Чистов ауылдық округі әкімі болып сайланатын болсам, қолданыстағы заңнама аясында және өз құзыретімнің шегінде жұмысымды ауылдың көкейкесті мәселелерін шешуге бағыттауын боламын. Сондықтан, ауыл тұрғындарының ахуалын көтерудің зияметінің негізгі бағыты етіп отырмын. Әлеуметтік тұрғыдан осал топқа жататын азаматтарды, яғни зейнеткерлер, мүгедек адамдар мен көп балалы отбасыларды мүмкіндігімше қолдаймын. Сонымен қатар тұрақты түрде ауылды көркейту, ауыл ішіндегі жолдарды қалыпта келтіру, таза ауыз сумен қамту сияқты күнделікті мәселелерді шешу бойынша жұмыс жүргіземін.

Ауылдық округ әкімінің заңнамада

көрсетілген бар мүмкіндігін пайдаланып, ауылдық округтің жергілікті қауымдастығымен бірлесіп мәдениет пен бұқаралық спортты дамыту, әсіресе, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, құдық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыс атқарамын және шағын және орта бизнестің дамуына жәрдемдесемін. Менің сайлау алды бағдарламам келесі міндеттерді жүзеге асыруды қамтиды:

- округ аумағын абаттандыру, жарықтандыру, кеғалдандыру және санитарлық тазарту бойынша тұрақты жұмыс, әсіресе, рұқсат етілмеген қоқыс төгітін жер бойынша мәселе, көшелерді және аула аумақтарын тазарту - ол, бірінші

кезекте бізге округ тұрғындарына қатысты; - инвестицияларды тарту бойынша жұмысты жалғастыру, жаңа объектілер ашу, жұмыс орындарын құру; - мемлекеттік бағдарлама аясында азаматтарды жұмысқа орналастыруға және оқытуға жәрдем көрсету.

Бұл негізгі бағыттарды және сайлау алды міндеттерді, менің округ әкімі ретінде жоспарлағаным. Әрине, бюджеттің нақты мүмкіндіктері өмірге өзгерістер енгізуі мүмкін. Дегенмен, біз округ тұрғындарымен бірауыздан бірлесіп жұмыс жасаған жағдайда Чистов ауылдық округі бұдан да жақсара және көркейе түседі.

Бағдарлама облыстық бюджеттен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

Возвышен ауылдық округінің әкіміне кандидат

ТИЩЕНКО НАТАЛЬЯ ЮРЬЕВНА
ӨМІРБАЯНЫ

1993 жылы 26 қарашада СҚО Мағжан Жұмабаев ауданы Майбалық ауылында дүниеге келген.

Білімі жоғары, 2005 жылы М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін экономика және бизнес мамандығы бойынша бітірді. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышенка ауылдық округі әкіміне өзін-өзі ұсыну жолымен кандидат ретінде ұсынылды.

Партия мүшесі емес.

Еңбек жолы:

2013 жылдан 2013 жылға дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ Жастар тәжірибесі бойынша қаржы жұмысы бойынша экономист;

2014 жылдан 2019 жылға дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ бас маман-бухгалтер;

2019 жылдан 2020 жылға дейін

«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ Қаржы-шаруашылық қызметін жүргізу секторының меңгерушісі;

2020 жылдың 03 қыркүйегінен бастап қазіргі уақытқа дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» КММ басшысының орынбасары болып жұмыс істейді.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың басшылығымен мемлекетіміз жыл сайын азаматтардың әл-ауқатын арттыру, экономикамыз өсуін қамтамасыз ету, әлеуметтік саланы жан-жақты дамыту, жастар мен студенттерді қолдауға арналған өртүрлі жобалар іске асырылуда.

Возвышен ауылдық округінің әкімі кандидатына берген шешімінің себебі, осы жұмысты атқарғым келеді, көшбасшылық дағдыларымды және өмірлік тәжірибемді азаматтардың өмірлік сапасын көтеруге,

әлеуметтік-экономикалық тапсырмаларды орындауға жұмсаймын.

Егер мені жерлестер сайласа, өз жұмысымды келесі мақсаттарға бағыттауым:

- зейнеткерлерді, мүгедектерді, көп балалы және аз қамтылған азаматтарға әлеуметтік бағдарламаны іске асыру;

- жаңа жұмыс орындарын ашу және жұмыссыздықты азайту бойынша әлеуметтік жобаларды іске асыру;

- ауылдарды абаттандыру,

көшелерді жарықпен қамтамасыз ету бағдарламаларын іске асыру;

- мұқтаз адамдарға демеушілік көрсететін азаматтармен жұмыс ұйымдастыру;

- жастарды қолдау бойынша өртүрлі жобаларға қатысуды ұйымдастыру, бұқаралық спортпен және дене шынықтырумен айналысу үшін қолайлы жағдай жасау;

- барша тұрғындарды салауатты өмір салтын ұстану үшін спорттық және мәдени

іс-шараларға тарту;

- азаматтардың әл-ауқатын арттыру үшін барлық мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру;

- инвестицияларды тарту бойынша жұмысқа басымдық беру;

- ауылдық жерлерде ауыл шаруашылығымен, мал шаруашылығымен, бау-бақшамен айналысуға жағдай жасау;

- тұрғындар, әсіресе, жастар арасында кәсіпкерлікпен айналысуға үгіт-насихат жүргізу.

Бағдарлама облыстық бюджеттен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ БЕДЕЛІ - ҚОҒАМ СЕНИМІНІҢ КЕПІЛІ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі қоғамдық процестерді реттеуге, мемлекеттің тұтастығын және ҚР азаматтарының мүдделерін іске асыруда қамтамасыз етуге арналған.

Мемлекеттік қызмет үшін имидж маңызды функционалдық және мәртебелік мәнге ие. Бұл халықтың оған деген сенім деңгейінің көрсеткіші және басқарушылық қызметтің тиімділігі, мемлекет жүргізетін өзгерістерді қоғамның бағалау критерийі. Ол мемлекеттік органдар іс-әрекеттерінің нақты әлеуметтік топтардың және жалпы қоғамның талаптары мен үміттеріне сәйкестік дәрежесін белгілейді. Осының салдарынан имидж азаматтардың мемлекеттік билік органдарына қатысты мінез-құлқын өдәуір дәрежеде негіздейді, мемлекеттік қызметтің қызметін және оны реформалау бағдарламасын қоғамдық қолдау дәрежесін айқындайды. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік қызметшілердің оң имиджін қалыптастыру осы әлеуметтік институттың тиімді жұмыс істеуі мен дамуының қажетті шарты, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен мемлекеттік қызмет жүйесі қызметінің тиімділігін арттыру үшін шарт болып табылады.

Мемлекеттік қызметшінің оң имиджін қалыптастыру – күрделі және ұзақ процесс. Мемлекеттік қызметшінің оң имиджін қалыптастыру процесінің өзі атқарушы биліктің имидждік саясатымен де тығыз байланысты. Мемлекеттік қызметшінің оң имиджін қойылатын негізгі ережелер Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне айқындалған. Осылайша, мемлекеттік қызметті атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің адамгершілігі мен моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды. Мемлекеттік қызметшінің өзі жоғары моральдық жауапкершілік, кәсіби білім, оларды практикада қолдана білу, шынайы, адал, белсенді өмірлік ұстанымы бар, патриотизм сезімінің болуы, мемлекеттік қызметшінің моральдық келбеті сияқты қасиеттерге ие болуы тиіс.

Біздің міндетіміз – өзінің көп жылдық адал, шынайы еңбегімен және мінсіз беделімен

Мемлекеттік қызмет – бұл мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдарда мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерін орындау жөніндегі қызметі.

басқаларға, соның ішінде мемлекеттік қызметшілердің жас буынына үлгі болып табылатын мемлекеттік қызметшілерді көтермелеу және ынталандыру болып табылады. Олардың жұмысқа, өкілеттіктерді пайдалану қабілетіне қатысты мемлекеттік қызметшілердің қызметін тұтастай бағалайды. Олардың қатарында Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мемлекеттік органдарының қызметшілері Мырзақанова Гүлнәр Маратқызы, Миғачева Юлия Михайловна және Жүкенова Ләззат Аманжолқызы бар.

Мырзақанова Гүлнәр Маратқызы, 1962 жылы туған, жоғары техникалық білімі бар. 1985 жылы еңбек жолын СҚО Смирнов электростансында қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженері болып бастады. 2007 жылы еңбек инспекциясы басқармасының еңбек қауіпсіздігін бақылау және еңбекті қорғау бөлімінің бас маманы - мемлекеттік еңбек инспекторы лауазымына мемлекеттік қызметке кіріп, қазіргі уақытқа дейін осы лауазымда жұмыс істейді.

Гүлнәр Маратқызының мемлекеттік еңбек инспекторы ретіндегі негізгі міндеттері мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру, еңбек қатынастары саласындағы саясатты іске асыру, қауіпсіз еңбек жағдайларына құқықты қоса алғанда, қызметкерлердің құқықтары мен бостандықтарының сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ету және т. б. болып табылады.

Миғачева Юлия Михайловна, 1986 жылы туған, жоғары заңгерлік білімі бар. Еңбек жолын 2007 жылы «Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты» КММ-да хатшы-машинист ретінде бастады, одан өзі еңбек шарты бойынша жалпы бөлімнің нұсқаушысы лауазымына көшті. 2013 жылдан бастап ақпараттық технологиялар және мемлекеттік қызметшілер қызметтеріне бас маман болып ауыстырылды.

2021 жылдан бастап «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің цифрлық технологиялар басқармасы» КММ ақпараттандыру және мемлекеттік қызметшілер қызметтері мониторинг бөлімінің басшысы.

Юлия Михайловнаның негізгі міндеттері жаңа ақпараттық технологияларды, де-

ректор базасын енгізу, облыс әкімдігінің ақпараттық инфрақұрылымындағы жұмыс оның істеуін бақылау. «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасын іске асыру аясында толық цифрландыруға көшу үшін реинжиниринг және артық бизнес-процестерді қысқарту тұрғысынан мемлекеттік қызметшілер қызметтеріне ре-визиялар жүргізу, ақпараттық жүйелерді, оның ішінде мемлекеттік қызметтер көрсету саласында және жергілікті атқарушы ор-гандарда электрондық құжат айналы-мы жүйесін дамыту және қолжетімділігі жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады. Мемлекеттік қызметшілер қызметтерді электрондық форматқа көшіру бойынша іс-шараларды ұйымдастырады және т. б.

Жүкенова Ләззат Аманжолқызы, 1969 жылы туған, білімі жоғары. Еңбек жолын 1988 жылы СҚО Жамбыл ауданы Сәбит Мұқанов кеңшарында экономист болып бастаған, онда 1998 жылға дейін жұмыс істеді. 2000 жылдан бастап мемлекеттік қызметке: Қызылжар ауданының Рәсәт аумақтық округінде бас маман, кейін Қызылжар ауданы әкімдігінің бас маманы, 2012 жылдан бастап Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппаратында персоналды басқару қызметінің бас маманы, басшысы болды, қазір персоналды басқару қызметінің бас инспекторы болып жұмыс істейді.

Ләззат Аманжолқызының функ-ционалдық міндеттеріне өңірдегі кадр саясатын іске асыру жатады: Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің персоналды басқару стратегиясын әзірлеу және іске асыру, еңбек заңнамасы мен мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы орындау-ын қамтамасыз ету, еңбек режимі мен жағдайларын, сондай-ақ мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулерді сақтау, персоналды басқару стратегиясын іске асыруда барлық деңгейдегі басшыларға қолдау көрсету, облыстық және аумақтық атқарушы органдармен, аудан және қала әкімдерінің аппаратымен, мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган-мен және оның аумақтық бөлімшесімен



өзара іс-қимылды жүзеге асыру, өңірдегі кадр жұмысының жай-күйін зерделеу және талдау, оның ішінде мемлекеттік қызметшілердің таза ауысымдылығына мониторинг жүргізу, анықталған проблема-ларды шешу бойынша талдамалық мате-риалдар мен ұсыныстар дайындау, оларды аппарат басшылығына ұсыну, «Е-қызмет» интеграцияланған ақпараттық жүйесінде облыс әкімі аппаратының және облысқа басқармалардың қызметкерлері бойынша кадрлық іс жүргізуді уақытылы және толық жүргізуді қамтамасыз ету және т. б.

Солтүстік Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің басым көпшілігі өздеріне жүктелген тапсырмалар мен міндеттерді адал орындайды. Осылайша, олар тек облыстың ғана емес, жалпы елдің дамуына өз үлестерін қосады. Ар-ождан және сенім бойынша жұмыс істеу, адалдық пен төртіптілік, талдау және дұрыс шешім қабылдау қабілеті – бұл міндеттердің сапалы орындалуына және мемлекеттік қызметтің беделін арттыруға әкелетін қызметтің негізі болып табылады.

Сейілхан СЕРІКБАЕВ,
облыс әкімі аппаратының
өдеп жөніндегі уәкілі.

ЕЛІМІЗДЕ ПРЕЗИДЕНТТІК ЖАСТАР КАДР РЕЗЕРВІНЕ ІРІКТЕУ БАСТАЛАДЫ

Президенттік жастар
кадр резерві

Жаңа буынның таңдауы



Мемлекеттік басқару жүйесі үшін талантты жастарды анықтау және тарту мақсатында Президенттік жастар кадр резервіне кезекті үшінші іріктеу жоспарланып отыр.

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, іріктеуге өтінімдерді қабылдау 1 қыркүйектен бастап pkrezerv.gov.kz сайтында қолжетімді. Өтінімдер 30 қыркүйекке дейін қабылданады.

Іріктеуге жасы 35-тен аспаған, жоғары білімі және 5 жыл жалпы жұмыс тәжірибесі бар, қазақ тілін меңгерген (B1 деңгейінен төмен емес) Қазақстан Республикасының азаматы қатыса алады.

Быыл іріктеу келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты;

- агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау;

- сыртқы саясат және инвестициялар;

- экономикалық және қаржылық саясат;

- цифрландыру;

- әлеуметтік саясат және азаматтық қоғам.

Іріктеу 6 кезең бойынша өткізіледі:

- құжаттарды бақылау;

- мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау;

- ситуациалық тапсырмаларды шешуді бағалау;

- құзыреттерді бағалау (assessment center және hr-сұхбат);

- сарапшылық комиссияда өңімелесу;

- ұлттық комиссия отырысы.

Іріктеу қорытындысы бойынша 50 кандидат резервке алынады. Жеміспаздар ағымдағы жылғы желтоқсанда жарияланады.

ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА ОРГАНДАРЫ КӨРСЕТЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

Бүгінгі күнде, үш мемлекеттік қызметті оңайлатылған және жеделдетілген жол арқылы порталдан алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Сонымен, «Соттылықтың болуы» не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметтерді онлайн тудыру аясында азаматтарға оны уақыт бойыншағын абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданып.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егер де тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады. Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның фронт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосым Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу болып табылады.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті

беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және (немесе) қағаз жүзінде көрсетіледі.

Архивтік анықтама алу үшін қызмет алушы портал және Мемлекеттік корпорация баламасы арқылы туыстығын растайтын құжаттардың көшірмесін қоса сала отырып, өтініш береді, қажет болған жағдайда оны апостильмен бірге композитті түрде ала алады.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы өздері ала алады.

Қолданыстағы еңбек заңнамасында сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар үшін белгілі бір шектеулер қарастырылған.

Квaziмемлекеттік сектор ұйымына жұмысқа түру кезінде адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екені туралы анықтама ұсынуға міндетті.

Қазір квазимемлекеттік ұйымдарға жұмысқа орналастыруды шектеу барлық лауазымдарға қолданылады, бұрын бұл шектеулер басқарушылық



функцияларды орындауға байланысты лауазымдарға қатысты болатын.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді беруді мемлекеттік қызметтер көрсету санатына ауыстырды.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметін қабылдау және ұсынуы www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Қызметтің орындалу мерзімі 10 минут, қосымша анықтамалық тексеріс жағдайында – 5 жұмыс күнді құрайды.

Сондай-ақ қызметкерлерге қатысты мәліметтерді алу үшін, олардың келісімі болған жағдайда «жеке кабинет» және (немесе) sms-растату арқылы жұмыс берушілерге қолжетімді. Осындай қызметті мобильді азаматтар базасында тіркелген жағдайда ғана алуға болады.

Мобильді азаматтар базасында тіркелу үшін көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне жүгіну арқылы «электрондық үкімет» веб-порталының «Жеке кабинетіндегі» «телефон» бағанасында телефон нөмірін көрсету немесе оны жеке сәйкестендіру нөміріне (ЖСН) байланыстыру қажет.

ҚР БП ҚСЖАЕК
Солтүстік Қазақстан облысы
бойынша департаменті.

30 ТАМЫЗ - КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ

АТА ЗАҢҒА ҚАШАН ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТҮЗЕТУЛЕР ЕНГІЗІЛДІ

ЕЛДІҢ БАСТЫ ҚҰЖАТЫН
ҚАБЫЛДАУ ТАРИХЫ

Конституция - мемлекеттік құрылыстың құқықтық негізін қалыптастырушы құжат. Мемлекеттің тұтастығы, саясаты, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, азаматтар құқығының сақталуы, демократиялық құндылықтардың барлығы осы заңның аясына топтасқан. 28 жыл ішінде Конституцияға бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Заман талабына сай дамуға бет алған Қазақстан үшін уақыт ағымына қарай ікемделіп отыру аса маңызды.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. Конституция 9 тараудан, 98 баптан тұрды. Жалпы 1995 жылғы Конституцияның 1993 жылғы Конституциядан айырмашылығы - жаңа Ата заңға алғаш рет азаматтың құқығына ғана емес, адам дүниеге келген сәттен одан ажырамас құқықтарына да қатысты нормалар енгізілген. Еліміздің негізгі заңын қабылдаудан бұрын ел халқымен кеңінен талқылау болды. Жалпы алғанда, жоба 33 мыңға жуық ұжымдық талқылаудан өтіп, оған 3 миллионнан астам азамат қатысқан. Талқылау барысында 30 мыңға жуық ұсыныс пен ескерту, 55 балқа 1100-ден астам түзету мен толықтыру енгізілген. Осылайша, мемлекеттік құрылым сенімді саяси-құқықтық негізге ие болды. Конституцияға сәйкес, тәуелсіз Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады. 1998 және 2007 жылдары Конституцияға Президенттің өкілеттігін ұлғайту жөнінде өзгерістер енгізілген болатын.

КОНСТИТУЦИЯҒА ЕНГІЗІЛГЕН
СОҢҒЫ ТҮЗЕТУЛЕР

1995 жылы Конституция референдум арқылы қабылданған, оған бес рет Парламент арқылы өзгеріс енгізілген еді. Сонда бытырғы Конституцияға енген өзгерістерді референдум арқылы қабылдау тәуелсіз Қазақстан тарихында екінші рет болып отыр.

2022 жылдың 5 мамырында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Конституцияның 91-бабының 1-тармағына және «Республикалық референдум туралы» конституциялық заңның 18-бабына сәйкес, Ата Заңымызға өзгертулер мен толықтырулар енгізу үшін Республикалық референдум өткізу туралы

ҚР Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданды. Биыл Ата Заңымызға 28 жыл толып отыр. Тәуелсіздік жылдары еліміздің бас құжатына бірнеше рет өзгеріс енгізілді. Ал соңғы түзетулер 2022 жылдың 5 маусымында бүкілхалықтық референдум арқылы енгізілген болатын. Конституцияға тәуелсіздік жылдары, әсіресе, референдум нәтижесі бойынша қандай түзетулер мен өзгерістер енгізілгені жөнінде айтып береміз.



Жарлығы шықты.

Соған орай, ел өміріндегі аса маңызды референдум осы қаулыға жарлық шыққан күннен тура бір айдан кейін, нақтырақ айтқанда, 5 маусым күні өткізілді. Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды қысқа шолып көрдік. I бөлім. Жалпы ережелер. 4-баптың 1-тармағы, 6-баптың 3-тармағы өзгертілді. II бөлім. Адам және азамат. 15-баптың 2-тармағы, 23-баптың 2-тармағы, 24-баптың 1-тармағы өзгертілді. III бөлім. Президент. 42-баптың 2-тармағы, 5-тармағы өзгертілді. 43-баптың 1-тармағы өзгертілді. 2-тармағы алынып тасталды және түсіндірме берілген. 4-4-тар-мақтармен толықтырылды. 4-4-баптың 2-3-4-7-тармақтары және 10-тармақтың 1-тармақшасы, 19-тармағы өзгертілді. 46-баптың 4-тармағы алынып тасталды. 47-баптың 1-2-тармағы өзгертілді. IV бөлім. Парламент. 50-баптың 2-3-тармағы, 51-баптың 1-тармағы, 52-баптың 5-тармағы өзгертілді. 53-баптың 1-тармағына 1-тармақша, 53-бапқа 1-2-тармақша қосылды, 2-6-тармағы өзгертілді, 54-баптың 1-2-тармағы, 55-

баптың 2-3-тармағы өзгертіліп, 56-баптың 1-тармағының 1-тармақшасы өзгертіліп, 3-1 тармақша қосылды. 57-баптың 1-тармағы, 57-баптың 3-тармағының 7-тармақшасы, 61-баптың 2-тармағы, 3-4-тармағы, 62-баптың 5-6-тармағы өзгертілді. VI бөлім. Конституциялық Сот. 71-баптың 1-2-3-4-5-6-тармақтары, 72-баптың 1-2-3-4-5-6-баптары, 73-баптың 1-2-3-тармақтары, 74-баптың 2-3-тармағы өзгертілді. VII бөлім. Соттар және сот төрелігі. Прокуратура. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл. 78-бабы, 82-бабының 4-5-тармағы, 83-баптың 4-тармағы өзгертілді және жаңа бап (83-1) қосылды. VIII бөлім. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару. 87-баптың 4-5-тармағы, 88-баптың 4-тармағы өзгертілді. IX бөлім. Қорытынды және өтпелі ережелер. 91-баптың 2-3-тармағы өзгертілді, 99-бапқа 1-2-3-тармақтар қосылды. Осылайша, 1995 жылы 30 тамызда қабылданып, 2022 жылдың 8 маусым күні соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Қазақстан Республикасының Конституциясы 10 бөлім, 99 баптан тұрады.

Қазақстан суперпрезиденттік басқару формасынан күшті парламенті бар президенттік формаға көшті;

Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі;

Президенттің жақын туыстарының саяси мемлекеттік қызметші, квазимемлекеттік сектор субъектісі басшылары лауазымдарын атқаруға құқығы жоқ;

Қазақстандықтар өз бетінше Конституциялық сотқа жүгіне алады;

Өлім жазасына тыйым салынады.

Ешкімнің адам өмірін қиюға құқығы жоқ;

Мәжілістің депутаттық корпусы аралас сайлау жүйесі бойынша құрылады;

Сенаттағы президенттік квота қысқарады, мәжілістеігі ҚХА квотасы жойылды;

Мажоритарлық жүйе депутатты сайлаушылардың қалауы бойынша шақыртып алуға мүмкіндік береді;

Тұңғыш президенттің ерекше рөлі мен артықшылықтары туралы ережелер алып тасталды.

Жалпы құқықтық жағынан алғанда негізгі өзгерістердің бірі — Конституциялық Соттың құрылуы болды. Азаматтарымыздың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарын тікелей қорғайтын орган болғандықтан, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін қарау басты міндеті болып табылады. Бұл өзгерістер еліміздің болашағын айқындайтын басты өзгерістер. Қорыта айтқанда, уақыт талабына сай енгізілген өзгерістер мен толықтырулар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының даңғыл жолына түскендігін, тәуелсіз еліміздің болашағының жарқын, ұстанған бағытының кемел екендігін көрсетеді.

Айта кетейік, референдумға қатысу құқығы бар Қазақстан азаматтарының жалпы саны 11 миллион 734 мың 642 адам. Олардың ішінде дауыс беруге қатысқандар саны 7 миллион 986 мың 293 адам, немесе референдумға қатысу құқығы бар азаматтар санының 68,06 пайызын құрады. Референдумға қойылған мәселенің оң шешімін жақтап дауыс берген азаматтардың саны дауыс беруге қатысқандардың 77,18 пайызын құрап, 6 миллион 163 мың 863 адам болды. Ал, конституциялық түзетулерге қарсы дауыс берген азаматтар 18,66 пайыз немесе дауыс беруге қатысқандар санының 1 миллион 490 мың 475-ін құрады.

КОНСТИТУЦИЯ - КЕМЕЛ
КЕЛЕШЕГІМІЗДІҢ КЕПІЛІ

30 тамыз - халқымыз үшін аса маңызды тарихи күн. Себебі, осы күні бүкілхалықтық референдумда тәуелсіздігімізді, мемлекеттігімізді айғақтайтын басты құжат, тұғырлы заңнама Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды.

Еліміздің тәуелсіздігін бекітіп, бүгінгі заманғы ұстанымына бастау болып, заңдарымыздың негізін салған Ата Заңымыздың қабылданғанына да 28 жыл болыпты. Содан бері қарай тәуелсіздігіміздің тірегіне айналған Ата заң - мемлекет пен қоғамда орын алып отырған барлық саяси-экономикалық, әлеуметтік реформалардың ілгері басуына, дамудың қайнар бастауына айналды.

Еліміздің Ата Заңы жүздеген жылдар бойы қалыптасқан адамзат баласының жалпы құндылықтарын ең бойына сіңірді. Мемлекеттің тұтастығы, саясаты, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, азаматтар құқығының сақталуы, демократиялық құндылықтардың барлығы осы заңның аясына топтасқан.

Ең қымбат қазынасы адам, адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнығып келе жатқан Қазақ елінің жетістіктеріне бүгінде әлем назар аударуда.

28 жыл ішінде Конституцияға бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Заман талабына сай дамуға бет алған Қазақстан үшін уақыт ағымына қарай ікемделіп отыру аса маңызды. Сондықтан да, Ата Заңымызға бұған дейін енгізілген түзетулер өзінң негізділігін, әрі уақытылы қабылданғанын дәлелдеп келді.

Дегенмен, қазір әлем күн санап өзгеріп жатыр. Халықтың талап-тілектері мен сұранысының да сипаты өзгеруде.

Осыған орай, бытыр Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен 5 маусымда жалпыхалықтық референдум өтіп, Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені барлығымызға мәлім.

Дана халқымыз «Келісіп пішкен тон келте болмас», - демекші, Ата заңымызға ұсынылған өзгерістерді азаматтардың басым көпшілігі қолдады. Парламенттің рөлін, мәртебесін арттыру, елді басқару ісіне халықтың қатысу мүмкіндігін кеңейту, азаматтардың құқықтарын қорғау тәсілдерін жетілдіруге бағытталған өзгертулер



Қазақстан азаматтарының өмір сүру сапасына оң әсер ететін сөзсіз.

Барлық қазақстандықтардың мүддесін көздің қарашығындай сақтауға бағытталған Ата Заңымызға енген басты өзгерістердің бірі Конституциялық соттың пайда болуы.

Конституциялық Сот азаматтардың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін олардың өтініштері бойынша қарайды. Демек, енді келген азамат Конституцияда көзделген құқықтары бұзылған жағдайда Конституциялық сотқа жүгіне алатын болады.

Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы конституциялық түзетулер мемлекеттігіміздің тұғырнамасын түбегейлі өзгертіп, бүкіл қоғамның дамуына тың серпін береді деп сенеміз.

Сондықтан, барша қазақстандықтарды алда келе жатқан - Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймын. Елімізде әрдайым тыныштық пен тұрақтылық салтанат құрып, Ата Заңымыздың игілігі арта берсін демекпін.

Қанат ЖҮКЕНОВ,
аудандық соттың кеңсе меңгерушісі.

АТА ЗАҢ - АЙБЫНЫМ

Ата Заң - халқымыздың ғасырлар бойы тәуелсіз ел болуын көксеген армандарын жүзеге асырған, мемлекеттігіміздің алтын қазығы, қазақстандықтардың тең құқықтары мен мүмкіндіктерінің кепілі болып табылады. Еліміздің әрбір азаматы Конституцияның асқақ рухы мен маңызын, тарихын жақсы білуі тиіс. Ата Заңымызды құрметтеу, ондағы қағидаларды бұлжытпай сақтау арқылы және оның тарихы мен маңызын жетік білуіміздің арқасында біз өз елімізді, тарихымызды, құндылықтарымызды құрметтейміз және еліміздің дамуына, қоғамдық келісімге, бейбітшілік пен тыныштыққа қол жеткізе аламыз.

Мемлекеттің басты байлығы - адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Тәуелсіз елімізде адамдардың өсіп-өркендеуіне, өмір сүруіне, білім алып, демалуына, сөз бен шығармашылық еркіндігі, жеке басының бостандығы, ар-ожданының қол сұғуына, сот алдында құқықтарының тең болуына барышына кепілдіктер берілген. Конституция - біздің басты құндылықтарымызды, Тәуелсіздікті, бейбітшілік пен тұрақтылықты ғасырларға бекітті.

Конституция қағидалары толықтай елімізді демократияландыруға, экономикалық өрлеуге, халықаралық деңгейде осуға, ішкі деңгейде әлеуметтік, саяси-құқықтық тұрақтылыққа, ауызбірлікке шақырады.

Жыл өткен сайын халықтың әл-ауқаты жақсарып, ауылдарымыз көркейіп, ұлтаралық татулығымыз нығая түседі. Еліміздің үкілеген үміті - жастарымыз өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлестерін қосуда. Кәсіпкерлік өркен жайып, егін және мал шаруашылығы дамуға. Осы жетістіктеріміздің барлығының негізгі дінгері Ата Заңымызда жатқаны рас.

Дүние жүзіндегі елдердің барлығында мемлекеттік басқару тетігі Конституция негізінде және соның аясында жұмыс істейді. Бұл кез келген құқықтық мемлекеттің басты өмірлік нормасы болып табылады.

Халқымыз - мемлекеттің ең басты байлығы болса, Ата Заңымыз-айбынымыз. Өткен жылдың 5 маусымында Ата Заңымызға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, референдумда қабылданды. Бұл өзгерістер мемлекеттігіміздің дамуына, халықтың әл-ауқатының жақсаруына икпал етеді деп сенеміз.

Ата Заң қабылданған күн бүкілхалықтық мерекеге айналған. Айтулы мереке қарсаңында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, Ата Заңын мерейі асырылады.

Ел тірегіне айналған Ата Заңымыздың айбыны өркез асқақтай берсін!

Сәуле НУРҚАЙДАРОВА,
аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы.

34 ЖЫЛ БҰРЫН ПОЛИГОННЫҢ ЖАБЫЛУЫНА ЫҚПАЛ ЕТКЕН «НЕВАДА-СЕМЕЙ» ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Қазақстанда 34 жыл бұрын, 28 ақпанда «Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалысы құрылды. «Қазақ жерінде 1989 жылы 28 ақпанда құрылған «Невада-Семей» қозғалысы өзінің басты мақсаты ретінде Семей ядролық полигонын жабумен қатар, басқа да ядролық елдерді осы үлгіге қосылуға ықпал ету болды. Қазіргі кезде Қазақстан антиядролық қозғалыстың әлемдік арена-сында мығым ұстанымын айқын көрсетіп тұр», - деп атап өткен болатын Мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы, ғалым, ақын Олжас Сүлейменов.

1989 жылдың ақпанында Семей полигонын жабу мақсатымен «Невада - Семей» қозғалысының алғашқы митингі өтті. Ядролық сынақтардың қатері жөнінде барлық бұқаралық ақпарат құралдары содан кейін ашық ақпарат тарата бастады. Түрлі елдердің парламенттері өз сессияларында «Невада - Семей» қозғалысының ұрандарын талқылап жатты. Радиациялық сәулелердің зардаптары жайлы дерігерлер мен ғалымдардың ашық әңгіме қозғауға батылдары жетті. Көпшіліктің қысымымен Семей полигонындағы сынақтар саны азая бастаған еді.

Қазақстан бірінші болып жаппай ядролық қарусыздандыруға нақты қадам жасап, Семей ядролық сынақ полигонын жапты. «Невада-Семей» қозғалысының бағдарламасы халықаралық антиядролық альянсына ұласты. Ядролық қаруды сынақтан өткізуге тыйым салу туралы шарт қабылданды. Елдердің басым бөлігі оған қол қойды.

Қозғалыстың активінде Қазақстан мен барша әлемнің соғысқа қарсы қозғалыстары мақтан тұта алатын жеңістер бар. Антиядролық қозғалыстың күш-жігері арқасында 1989 жылы жоспарланған 18 ядролық сынақ саны 7-ге дейін азайтылды. Ең соңғы ядролық сынақ осы жылдың 19 қазанында жасалды.

ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ғалымдарды, жазушыларды, қызметкерлерді, жұмысшылар мен әр жастағы адамдарды біріктірген бұл қозғалыс Семей полигонын жабу мен әлемнің басқа да сынақ полигондары қызметін тоқтату бағытындағы күресте елеулі үлесін қосқанын атап өтті. Антиядролық қозғалыста Олжас Сүлейменовтың еңбегі ерен.

Еске салсақ, Семей полигонында ядролық қарудың алғашқы сынағы 1949 жылы 29 тамызда іске асырылды. Жалпы, сынақ жүргізілген 40 жылда адам денсаулығына, табиғатқа орасан зор зиян келтірілді.

Бұрынғы Семей облысының тұтас аумағы



ядролық жарылыстар өнімдерімен ластанды, ал 1,2 млн адам түрлі диапазондағы дозала радиациялық сәулеге ұшырады.

Семей полигонында атом бомбасының кезекті сынағынан кейін 1989 жылы 12 ақпанда жердің жарығынан радиоактивті газдар ауаға бөлініп шыққан екен. Екі күннен кейін сынақ жасалған эпицентрден 110 шақырым жерде радиоактивті фон өте жоғары болған.

Бұл жайт елде антиядролық қозғалыстың құрылуынан серпіп берді, оны қоғам қайраткері, ғалым әрі ақын Олжас Сүлейменов басқарды.

1989 жылдың маусымында Мәскеуде КСРО депутаттарының съезінде Олжас Сүлейменов ұйымның мақсаты мен талаптарын жария етті. «Невада-Семей» қозғалысының жарғысында екі негізгі мақсат белгіленді: полигонды жабу және зардап шеккен халықты оңалту мен қоршаған ортаны сауықтыру. Бірінші мақсат орындалды. 1989 жылы 17-19 шілдеде Семейде өткен өңіраралық ғылыми-тәжірибелік конференция комиссия құрып, зерттелген құжаттар мен тұрғындар мәліметі негізінде полигон-

ды жабу қажеттігін нақтылады.

Қозғалыс көптеген наразылық акциялары, митингілерді ұйымдастырды. Полигонда кезекті жарылыс болғаннан кейін, 1989 қазанда Мәскеуде Қорғаныс министрлігі ғимараты алдында митинг өтті. Қазан айында қозғалысты қолдап Қарағанды шахтерлері шықты. 1989 жылы 19 қазанда Семей полигоны аумағында соңғы жарылыс жасалды. Осының салдарынан Мәскеуде, Алматыда, Қарағандыда, Павлодарда, Семейде, Абай ауданындағы Қарауыл ауылында митингілер толқынына ұласты, онда полигонды жабу талап етілді.

1989 жылы 23 қазанда Жоғарғы Кеңестің сессиясында Олжас Сүлейменов халықтық мораторий туралы, яғни көз келген сынақ Қазақстанда жаппай ереуілге ұласатынын хабарлады.

1989 жылдың 14 қарашасында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі КСРО Үкіметі мен Жоғарғы кеңесіне полигондарда ядролық сынақтарды шұғыл арада тоқтату туралы үндеу жолдады.

1989 жылдың 27 қарашасында КСРО Жоғарғы Кеңесінің қаулысы қабылданып, ел

үкіметіне «Семей полигонын жабу туралы» мәселені қарастыру тапсырмасы қамтылды.

1990 жылдың көктемінде «Невада-Семей» қозғалысының бастамасы бойынша АҚШ-та, Ұлыбританияда, Жапонияда, Германияда және Қазақстанда «Әлем толқынд» ұранымен бірлескен акциялар өткізілді. 1990 жылдың 3-4 сәуірінде «Экология-Адам-Табиғат» ғылыми конференциясына антиядролық қозғалыстың белгілі ғалымдары мен белсенділері қатысты.

1990 жылы 22 мамырында Жоғарғы Кеңес республикалық деңгейде «Семей полигонын жабу туралы» қаулысын қабылдады.

Бұл тұрғыда мемлекеттік деңгейде ядролық сынақтарды тоқтату бойынша елеулі қадамдар жасалды. 1990 жылдың 25 қазанында Қазақстанның Жоғарғы Кеңесінде қабылдаған «Мемлекеттік егемендік туралы» Декларацияда «Республика территориясында ядролық қарудың сыналуына, жаппай қырып-жоятын қарудың өзге де түрлері (химиялық, бактериологиялық, биологиялық және басқалар) үшін сынау полигондарын салуға және олардың жұмыс істеуіне тыйым салынады» деп көрсетілген.

«Невада-Семей» қозғалысының қатысушылары халықаралық аренада белсенді іс-қимылдарды жалғастыра берді. Қазақстанның көптеген қалалары мен аймақтарында, сондай-ақ Ресей, АҚШ, Италия, Жапония, Түркия және басқа да елдерде ұйымның бөлімшелері құрылды.

Ядролық қаруды толықтай жабуға Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1991 жылы 29 тамызда қол қойған «Семей ядролық полигонының жабылуы туралы» Жарлығы негіз болды.

2009 жылғы 30 қазанда Қазақстан БҰҰ Бас Ассамблеясының Бірінші комитетінде 29 тамызда Бүкіләлемдік ядролық қарудан бас тарту күні деп жариялауды ұсынды. Қарардың бірлескен авторлары 26 мемлекет болды. Оның ішінде Армения, Беларусь, Бразилия, Катар, Қырғызстан, Моңғолия, Араб Әмірлігі, Тәжікстан, Түрікменстан, Жапония және басқа елдер бар. Усынын бірауыздан қолдау тауып, БҰҰ Бас Ассамблеясы бұл күнді өз күнтізбесіне енгізді. Содан бері 29 тамыз - Ядролық қарудан бас тартудың халықаралық күні ретінде атал өтеледі.

Атаулы датаға 29 тамыздың таңдап алынуы да бекер емес. ҚР Президентінің 1991 жылғы 29 тамыздағы Жарлығымен Семей ядролық полигоны жабылған еді. 1994 жылдан бері қазақ даласын ұлап келген полигонның жабылуы кейін адамзат үшін тарихи оқиға деген баға алды.

ЯДРОСЫЗ БОЛАШАҚ - БЕҮБІТШІЛІК ПЕН БАҚЫТ КЕПІЛІ



Тарихқа сүйенетін болсақ, Қазақстан аумағында атом бомбаларын сынақтан өткізу үшін арнайы 18 млн. гектар жер бөлініп, КСРО Қорғаныс министрлігі мен Атом өнеркәсібі министрлігінің бұйрығымен Семей ядролық полигоны ашылған, яғни ядролық жарылыстар жүргізілген сынақ аймағы. Полигон бұрынғы Семей облысы, Абыралы ауданы, сонымен қатар Павлодар және Қарағанды облыстарының біраз жерін қамтыған. Сынақ аймағында 1949-1989 жылдар аралығында 470-теі қуаты әр түрлі ядролық жарылыстар жасалды. Өуеде - 90, жер үстінде - 26, жер астында - 26.

Алғашқы атом сынағы үшін әскери құрылысшылар көлемі 300 шаршы километрді құрайтын «тәжірибе алаңын» дайындайды. Алаңның дол ортасындағы 30 метрлік темір мұнараның төбесіне қуаты 20 килотонн ядролық заряд орнатыл-

ды. Айналасы темірбетон қорғаныштар, бронды мұнаралар мен доттар бой көтерді. Орталықтан әр түрлі қашықтықта әскери техника, артиллерия қаруы, танктер, ұшақтар, автомобильдер, бронемашиналар орналастырылды. Салынған пана-жайлардың көпшілігіне тәжірибе жасалатын хайуанаттар - қойлар, шошқалар, иттер, атжалмандар кіргізілді. Одан сәл қашықта тұтас бір қалашық - үш қабатты тұрғын үйлер, өнеркәсіп орындары, жер асты жолы, теміржол және автомобиль көпірлері салынып, оларда жанар май құйылған вагондар мен цистерналар тұрды. Алаңға әскери форма киігізілген адам кейпіндегі заттар, азық-түлік салынған жәшіктер қойылды. Мұның бәрі ядролық жарылыстың алапат күшінің, қуатын зерттеу үшін дайындалған сынды.

1949 жылы 29 тамызда таңертеңгі сағат

Қазақстан аумағында іс жүзінде 40 жыл бойы жүргізілген үздіксіз ядролық қару сынағы жерімізге және ұлтымыздың денсаулығына алапат зиянын тигізді. Әлі күнге қазақстандық ұрпақ өз денсаулығына сол қатерлі сынақтардың салдарын сезініп келеді. Әлемдегі басқа бірде-бір ел Қазақстан мен қазақстандықтар сияқты ядролық сынақтан зардап шекпеген шығар, сірә.

6.30-да Абай және Абыралы аудандарында халыққа алдын ала ескертілместен қуаттылығы 30 килотонна болатын бірінші жарылыс жасалды. Мұнда 1951 жылы 18 қазанда уран бомбасы, 1953 жылы 12 тамызда жер үстінде дүние жүзінде алғаш рет қуаттылығы 500 килотонна болатын сутек бомбасы сыналды.

Семей ядролық полигонында 1961-1962 жылдары өуеде және жер үстінде 50-дей ядролық бомба сыналды, 1963-1988 жылдары жыл сайын 14-18 сынақ өткізіліп, Жер астында барлығы 343 ядролық жарылыс жасалды. Осы жарылыстардың әсерінен радиоактивті шөгінділер жарылыс болған эпицентрден бұлттар мен жел арқылы таралды. Сынақ жүргізілген жерлерде радиацияның деңгейі 448 Бэр-ге жеткен. Семей ядролық полигонында ауада және Жер бетінде сыналған ядролық зарядтардың қосынды қуаты Хиросимаға тасталған бомбадан 2,5 мың есе асып түсті.

Сынақ аймағын радиациялық тексеруден өткізгенде, ондағы радиоактивті заттардың (цезий-137, стронций-90, плутоний-239; 240, кобальт-60) мөлшері қалыпты мөлшерден бірнеше есе жоғары екені анықталыпты. Зиянды радиоактивті заттар топырақты, сулы, егістік жерлерді және мал жайылымдарын ластаған. Семей аймағының халқы сәулелі ұшырау мөлшеріне қарай 3 санатқа бөлінді: 1-санатқа - жарылыс эпицентрлерінен 100-150 км қашықтықта орналасқан Абай, Бесқарағай және бұрынғы Абыралы, Жаңасемей, Шұбартау ауданы мен Семей қаласы жатады; 2-санатқа - 150-300 км жерде орналасқан Жарма, Аягөз, Бороду-лиха және бұрынғы Шар, Жаңашүбіл аудандары кіреді; 3-санатқа эпицентрден 300

км-ден әрі орналасқан Үржар, Көкпекті және бұрынғы Таскескен, Ақсуат, Мақаншы аудандарының тұрғындарын қамтиды.

Семей полигоны бірнеше аймаққа бөлінген. Олар: Құрчатов қаласында орналасқан әкімшілік-тұрмыстық (ол кезде «М» алаңы немесе «Москва-400» деп аталған) аумақ, зертхана қалашығы және радиусы 10 шақырымға жететін «сынақ даласы». Соңғысының «Дегелең», «Балапан», «Телкем» секілді бөлімдері болған. Олардың бірінде жануарларға сынақ жүргізілген.

29 тамыз - Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық-іс-қимыл күні. Қазақстан әлем елдері арасында алғашқы болып ядролық қарудан бас тартты. Яғни, 1991 жылғы 29 тамызда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев Семей ядролық полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл біздің еліміздің болашағы үшін жасалған ауқымды шешімдердің бірі. Жарылыс тоқталысымен басқа өмір басталды, алайда, жарылыс алаңдарында ешкім тұрмаса да, онда тұруға тыйым салынған болса да, кей тұрғындар сол жерде мал жаяды екен. Ал жақын маңдағы ауылдар мен қалалар жарылыстардың зардабын әлі күнге кеініп келеді. Сондықтан, келешекте біздің елден басқа елдер де ядродан бас тартып, сүм ядро атауы мәңгі өшіп, ядросыз болашақ орнанып деп тілейміз. Болашақ ұрпағымыз бақытты елде ғұмыр кешсін.

Жарылыс мәңгі болмасын, Бейбіт өмір жалғасын. Зардабын ядро сынақтың, Кешпесін біздің болашақ, Бақытты болсын жас ұрпақ!

Мейрамғұл ӘБШЕВА,
Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің мәдениет және

ЗЕЙНЕТАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ

Биыл жасына байланысты зейнетақы төлемін тағайындау және төлеу тәртібі бекітілді. Ол Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығында көрсетілгенді, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау туралы шешімді қайта қарау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.



Қазақстан Республикасы ратификациялаған зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы халықаралық келісімдермен, соның ішінде жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде посткеңестік кезеңде атқарылған еңбек өтілі есепке алу, 1992 жылдың 13 наурызынан бері ТМД-ға мүше мемлекеттердің азаматтарын зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы құқықтарының келіпдіктері туралы келісіммен реттеледі. Аталған келісім Ресей Федерациясында 2023 жылдың 1 қаңтарында, Украинада 2023 жылдың 19 маусымында, Қазақстанда 2023 жылдың 22 маусымында жария етілді.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін есептеу үшін еңбек өтілі 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезең үшін есепке алынады.

Еңбек өтілі еңбек кітапшасымен расталады, ал еңбек кітапшасы немесе онда тиісті жазбалар болмаған кезде жұмысы туралы мәліметтерді растайтын құжаттар не соттың шешімі негізінде белгіленеді.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек өтілін есептеу кезінде мыналар:

- еңбек шарттары бойынша жеке және заңды тұлғалар ақы төлейтін жұмыс;
- әскери қызмет;
- арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, мемлекеттік фельдшерлік қызметтегі қызмет;
- мемлекеттік қызмет;
- кәсіпкерлік және кірістер әкелетін өзге де қызметтер;
- басқа адамның көмегіне мұқтаж бірінші топтағы мүгедектігі бар, екінші топтағы мүгедектігі бар жалғызбасты адамға және жасына байланысты зейнеткерге, сондай-ақ сексен жасқа толған қарт адамдарға күтім жасаған уақыт;
- мүгедектігі бар 18 жасқа дейінгі балаға күтім жасаған уақыт;
- жұмыс істемейтін ананың жас балаларға күтім жасаған, бірақ әрбір бала 3 жасқа толғанға дейін, жалпы жиынтығы 12 жыл шегіндегі уақыт;
- әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері жұбайларының мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде жұбайларымен бірге тұрған, бірақ жалпы жиынтығы 10 жылдан аспайтын кезең;
- Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жердегі жоғары оқу орындарындағы, оның ішінде даярлық курстарындағы, арнаулы орта оқу орындарындағы, училищелердегі, мектептердегі және кадрлар даярлау, біліктілікті арттыру және қайта мамандан-

дыру курстарындағы, аспирантурадағы, докторантурадағы, клиникалық ординатурадағы, сондай-ақ рухани (діни) білім беру ұйымдарындағы оқу;

- Қазақстан Республикасына тарихи Отанында тұрақты тұру мақсатында келген этностық қазақтардың бұрын тұрған еліндегі еңбек қызметі есепке алынады.

Сонымен қатар, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек өтілін жеңілдікпен есептеуде Семей ядролық сынақ полигонына іргелес жатқан аудандарда 1949 жылғы 29 тамыздан бастап, 1963 жылғы 5 шілде аралығында жұмыс істесе немесе әскери қызметте болса — үш есе мөлшерде, ал 1963 жылғы 6 шілдеден бастап 1992 жылғы 1 қаңтар аралығында жұмыс істесе немесе әскери қызметте болса — бір жарым есе мөлшерде, аләскесі және обаға қарсы мекемелерде, адамның иммун тапшылығы вирусның жұқтырған немесе ЖКТБ-мен ауырған адамдарды емдеу жөніндегі инфекциялық аурулар мекемелеріндегі жұмыс үшін — өкі есе мөлшерде, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен жұмыстар тізбесі бойынша сот-медициналық сараптаманы және патологиялық-анатомиялық диагностиканы жүзеге асыратын ұйымдардағы жұмыс істегендерге — бір жарым есе мөлшерде есепке алынады.

Жасына байланысты зейнетақы мөлшері еңбек өтіліне ғана емес, сонымен қатар зейнетақы тағайындау ұсынған орташа айлық табысқа да байланысты болады. Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыстағы үзілістерге қарамастан, қатарынан кез келген үш жыл ішіндегі орташа айлық табысы негізге алынады. Орташа айлық табыс — 3 жылғы табыстың жалпы сомасын отыз алтыға бөлу арқылы анықталады. Бұл ретте зейнетақы төлемдерін есептеу үшін ұсынылған табыс республикалық бюджет туралы заңда көрсетілген тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 55 рет еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде табыс орталықтандырылған дерекқордың міндетті зейнетақы жарналарының, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың және жеке табыс салығының аударылуы туралы мәліметтерімен расталады.

Егер зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы шешім қабылдау үшін қосымша құжаттар қажет екені анықталса немесе ұсынылған табыс орталықтандырылған дерекқордың міндетті зейнетақы жарналарының, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың және жеке табыс салығының аударылуы туралы мәліметтерімен расталмаса, департамент мамандары зейнетақы тағайындау үшін ұсынылған құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға кейін қайтарады. Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің мамандары өтініш берушіге жырима бес жұмыс күні ішінде қосымша құжаттарды ұсыну туралы хабарлама жібереді. Егер бұл талап отыз жұмыс күні ішінде орындалмаса, онда зейнетақы төлемі расталған барлық еңбек өтілдері мен табысын есепке ала отыра, алғашқы мерзімнен бастап тағайындалады. Ал егер талап өтініш құжаттар отыз жұмыс күні өткен соң ұсынылса, қағиданың 35 және 36-тармақтарына сәйкес қайта өтініш берген күннен бастап есептеледі.

Кенжегүл ХАМЗИНА,
Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша
департаментінің бөлім басшысы.

АТА-АНАЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Әр ата-ананың міндеті - баланы мүмкіндігінше қорғау. Жолдағы қауіпті оқиғаларды болдырмау үшін балаларға жас кезінен бастап жол ережелерін түсіндіру керек.

Балаларға арналған жол қозғалысының ережелері

Жолдағы балалардың қатысуымен болатын жазатайым оқиғалардың алдын алудағы басты буын — ата-аналардың балаларымен жұмысы. Бала сенімді жүре бастағанда, ол ересектердің сүйемелдеуімен болса да, жол қозғалысына қатысады. Осы сөзден бастап ата-аналар оған жол ережелерін айта бастауы керек.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін келесі жол ережелерін білу маңызды:

- Жолды «зебра» түрінде таңбасы бар және жаяу жүргіншілер үшін тек жаяу шамаға арналған арнайы орындар өтуге болады. ҚР Жол ережесі бойынша жүргізуші жаяу жүргіншілерге жол беруге міндетті. Егер сары жанып тұрса, жүруге дайындалу керек, қызыл жанса, ешқандай қозғалысыз күту керек.

- Жолды кесіп өту үшін, егер бар болса, жерасты өткелін пайдалануға болады.

- Жолдың жанында және жолда ойнау, тіпті, көліктер сирек жүрсе де, болмайды.

- Жол бойымен жаяу жүргіншілерге арналған жол — жаяу жолмен жүруге болады. Егер жаяу жол болмаса, онда жол бойында көліктерге қарама қарсы жолдың жиегімен жүру керек.

- Автобустан, троллейбустан, трамвайдан тек ересектермен ғана шығуға болады. Көлікпен шыққан кезде оның кетіпін күтіңіз, содан кейін ғана жолды кесіп өтіңіз.

Жолдың көріну мүмкіндігі шектеулі болған кезде жолдан өтуге, тұрған көлікті айналып өтуге болмайды.

Балаға жолды қалай кесіп өту керектігін және балалар мұны тек үлкендердің қолымен жасай алатындығын егжей-тегжейлі түсіндіріңіз. Бірақ жолда жүру кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін болшаққа жол қозғалысы ережелерін үйрену керек.

Оқушыларға арналған жол қозғалысының ережелері

Мектептің басталуымен балалар, көбінесе, жолды кесіп өтіп, қоғамдық көлікпен оқу орнына жетуі керек. Ол жол қозғалысының толыққанды қатысушысы болып табылады. Бұл жол қозғалысының ережелерін білуді жаңа тармақтармен толықтыруға міндеттеді.

Балалар келесі негізгі жол ережелерін білуі керек:

- Жолдан өтуге тыйым салынады. Тек «зебрада» бағдаршамның жасыл түсіне немесе жер асты өткелі арқылы өтуі керек. Бірақ бағдаршам болса да, солға-оңға қарап, содан кейін ғана өту маңызды.

- Көлікпен келе жатқан көліктің алдында жолға жүгіруге болмайды. Жүргізуші бірден тежей алмайды. Әр көліктің өзіндік тежеу жолы бар.

- Жол бойында жаяу жүргіншілер жаяу жолмен жүреді. Егер жаяу жол болмаса, онда жол бойында көліктерге қарама қарсы жолдың жиегімен жүру керек.

- Егер сіз қоғамдық көліктен шықсаңыз, оны алдынан немесе арттынан айналып өтіп, бірден жолдан өте алмайсыз. Автобус немесе трамвай кеткенше күтіңіз, содан

кейін ережеге сәйкес жолды кесіп өтіңіз.

- Басқа адамдардың мінез-құлқына назар аудармаңыз. Жолда жүру кезіндегі басты бағдар - жол ережесі.

Мектепте балалармен әңгімелер өткізіліп, жол қозғалысы ережелері айтылады. Бірақ ата-аналар бірінші болып баласының білімі мен ережелерді орындау туралы алаңдауы керек.

Балалар жас кезінен білетін ережелерге сәйкес, оқушылар жол қозғалысы туралы келесі білімге ие болуы керек:

- Егер жолда «зебра», жерасты өткелі болмаса, онда ҚР Жол қозғалысы ережелеріне сәйкес жолды өкі жаққа да жақсы көрінетін жерде жолдың шетіне тік бұрышпен өтуге болады. Өтпес бұрын, алдымен солға, содан кейін оңға қарап, жолда көліктердің жоқтығына немесе жолдан өтуге уақыт болатындай алыс екеніне көз тектізү керек.

- Егер сіз жолды кесіп өтуге үлгермесеңіз, қауіпсіздік аралында немесе бөлу жолағында ортасында тоқтаңыз, көліктердің өтуін күтіңіз және жолыңызды жалғастырыңыз.

- Егер сіз жедел жәрдем, полиция немесе өрт сөндіру көліктерінің келе жатқанын көрсеңіз немесе естісеңіз, сол сәтте жолды кесіп өтпеңіз. Олардың өтуін күтіңіз.

- Кешке жол жиегімен жүргенде немесе нашар көрінгенде, шағылыстыратын элементтері бар желетке, аяқ киім, рюкзак киюді ұмытпаңыз.

- Велосипедпен, скутермен, роликтермен тек велосипед жолдарында, арнайы белгіленген жерлерде немесе ата-аналар



руқсат ететін жерлерде жүруге болады. Жол бойында бұған тыйым салынады.

- Оқушылар негізгі жол белгілерін білуі керек: жаяу жүргіншілер өткелінің, жерасты өткелінің белгісі, «қозғалысқа тыйым салынады».

Мектеп жасында ересектердің жеке үлгісі жетекші оқу элементі болып қала береді. Егер ата-аналар әрдайым жол ережелерін сақтаса, балалар да солай жасайды. Жол қозғалысы ережелерін білу балаға жолда өзін сенімді сезінуге, қиын сәтте шатаспауға және қажет болған жағдайда денсаулығын, тіпті, өмірін сақтап қалуға көмектеседі. Жол қозғалысының ережелері туралы балаларыңызға ерте жастан бастап қауіпсіз қозғалыс туралы айтып беріңіз және олардың маңыздылығын жеке мысалмен көрсетіңіз.

Нұрбол БАЙМАНОВ,
Мағжан Жұмабаев ауданы полиция бөлімі ЖПБЖ ювеналды полиция тобының көмектеге толмағандар істері жөніндегі полицияның аға уәкелісі инспекторы, полиция майоры.



Дүйсенбі, 28 тамыз	Сейсенбі, 29 тамыз	Сәрсенбі, 30 тамыз	Бейсенбі, 31 тамыз	Жұма, 1 қыркүйек	Сенбі, 2 қыркүйек	Жексенбі, 3 қыркүйек
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 05.05 КҮМІС КӨМЕЙ. 07.00 TANSOLPAN. 10.00, 13.00, 20.00, 00.30 AQRARAT. 10.10, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00, 13.10, 20.35 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 14.10 ҚЫЗЫК ЕКЕН. 15.00 AQORDA. 15.10, 02.20 ДАРА. 16.20, 03.20 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛЫМ». 17.15 М/Ф «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». 22.30 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҮҢЫ». 23.00 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 01.05 САНА. 04.05 ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК».	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 13.00, 20.00, 02.55 AQRARAT. 07.00 TANSOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00, 13.10, 20.35 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 14.10, 05.15 АУЫЛДАСТАР. 14.40 ҚЫЗЫК ЕКЕН. 15.40 ТІРІШЛІК. 16.15, 03.30 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛЫМ». 17.15 М/Ф «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». 22.30 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҮҢЫ». 23.00 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 00.50 ФУТБОЛ. 04.15 ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 05.20 ЖӘДІГЕР. 06.30, 04.20 КҮЙ-КЕРҮЕН. 07.10, 04.50 МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ. 07.50 М/Ф «КҮЛТЕГІН». 8.50 «ЕЛ АРДАҒЫ - АТА ЗАҢ». 10.00, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00 «ӨН МЕН ӨНІШ». 14.30 «МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА», Х/Ф. 16.15 Ш. ҚАЛДЯКОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН КЕШ. 17.30, 02.55 ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН. 20.00 «ДАЛАМ МЕНІҢ». 22.30 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҮҢЫ». 23.00 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 00.50 ФУТБОЛ. 03.20 ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 13.00, 20.00, 01.55 AQRARAT. 07.00 TANSOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00, 20.35 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 13.10 «МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА», Х/Ф. 14.50 ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН. 15.25, 03.35 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛЫМ». 16.25 БІРЕГЕЙ. 17.15 М/Ф «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». 22.30 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҮҢЫ». 23.00 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 23.50 ФУТБОЛ. 02.30 САНА. 04.20 ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК. 05.20 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.40 AQRARAT. 07.00 TANSOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00, 13.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 14.10, 04.20 АУЫЛДАСТАР. 14.40 ҚЫЗЫК ЕКЕН. 15.35, 01.15 АРНАЙЫ ЖОБА. 16.00, 02.50 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛЫМ». 17.15 М/Ф «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». 20.35 ASHYQ ALAN. 21.30 КР ПРЕЗИДЕНТІ Қ. ТОКАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ. 22.30 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҮҢЫ». 23.00 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 01.40 ҒАУҒАТАС. 03.40 ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.30 ЖӘДІГЕР. 06.30, 20.00, 02.15 AQRARAT. 07.05, 03.55 КҮЙ-КЕРҮЕН. 07.40, 03.10 ЗИНҺАР. 08.25, 02.45 ШАҢЫРАҚ. 08.45 КОНЦЕРТ. 10.00, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00, 17.05 КОНЦЕРТ. 13.35 Т/Х «ӘЛКЕЙ. ҒҰЛАМА ҒҰМЫР». 15.45 ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР. 20.20, 02.35 AQORDA. 20.30 М/Ф «КҮЛБІКЕ». 22.05 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 22.30 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҮҢЫ». 23.30 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 23.30 Т/Х «ЖАТ БАУЫР».	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 05.30 ЖӘДІГЕР. 06.30 AQRARAT. 06.50, 03.00 AQORDA. 07.00, 04.50 КҮМІС КӨМЕЙ. 07.50, 04.05 Д/Ф. 08.35, 03.10 AQAAYYT. 09.00, 22.00 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 10.00, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00 М/Ф «КҮЛБІКЕ». 13.35 Т/Х «ӘЛКЕЙ. ҒҰЛАМА ҒҰМЫР». 15.45 ӘЗІЛ ӘЛЕМІ. 20.00, 02.10 АРТА. 20.50 «ДАРА». 22.30 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҮҢЫ». 23.30 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 03.35 АУЫЛДАСТАР.

Дүйсенбі, 28 тамыз	Сейсенбі, 29 тамыз	Сәрсенбі, 30 тамыз	Бейсенбі, 31 тамыз	Жұма, 1 қыркүйек	Сенбі, 2 қыркүйек	Жексенбі, 3 қыркүйек
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ». 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ ЕҢБЕКТЕ. 10.30 М/Ф. 11.30 КҮНДЕЛІК. МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ. 12.00, 20.00 Т/Х «ШАХ САРАЙЫНЫҢ КҮПИЯЛАРЫ». 14.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 15.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 16.00 МЕҒАХИТ. «УЦЕЛЕВШАЯ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 21.45 Т/Х «МАХАББАТЫМ ЖҮРЕГІМДЕ». 23.00 Т/Х «ПОСЛУШНАЯ ЖЕНА». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ». 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 Д/Ф. 10.30 М/Ф. 11.30 КҮНДЕЛІК. 12.00, 20.00 Т/Х «ШАХ САРАЙЫНЫҢ КҮПИЯЛАРЫ». 14.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 15.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 16.00, 23.00 Т/С «ПОСЛУШНАЯ ЖЕНА». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 21.45 Т/Х «МАХАББАТЫМ ЖҮРЕГІМДЕ». 23.00 Т/Х «ПОСЛУШНАЯ ЖЕНА». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ». 08.00, 09.00 КОНЦЕРТ. 10.00 БІЗГЕ ХАБАРЛАСҚАН. 10.30 М/Ф. 11.30 КҮНДЕЛІК. 12.00, 20.30 Т/Х «ШАХ САРАЙЫНЫҢ КҮПИЯЛАРЫ». 14.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 15.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 16.00 Т/С «ПОСЛУШНАЯ ЖЕНА». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 20.00 Д/Ф. 22.15 Т/Х «МАХАББАТЫМ ЖҮРЕГІМДЕ». 23.30 Т/С «КАПКАН ДҮЛІС». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ». 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 В ФОКУСЕ. 10.30 АЛҒАШҚЫ. 11.30 КҮНДЕЛІК. 12.00, 20.00 Т/Х «ШАХ САРАЙЫНЫҢ КҮПИЯЛАРЫ». 14.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 15.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 16.00, 23.00 Т/С «КАПКАН ДҮЛІС». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 21.45 Т/Х «МАХАББАТЫМ ЖҮРЕГІМДЕ». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ». 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 МЕНИҢ ӨМІРІМ. 10.30 JUP-JUBUMEN. 11.30 КҮНДЕЛІК. 12.00, 20.00 Т/Х «ШАХ САРАЙЫНЫҢ КҮПИЯЛАРЫ». 14.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 15.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 16.00 Т/С «КАПКАН ДҮЛІС». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 21.45 ҚЫЗЫК TIMES. 22.45 «СИЛА СТИХИИ», Х/Ф. 00.30 ТӨРЛЕТНІЗ. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ҚАРАҚАТПЕН ШАЙ. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 МЕҒАХИТ. «СИЛА СТИХИИ». 12.00 М/Ф. 13.20 М/Ф «ГЛАВ И МЯУ». 13.30 STARTUP KZ. 14.00 ДҮДІЛДІДЕР ДҮБІРІ. 14.30 ҚЫЗЫК TIMES. 16.00 АЛҒАШҚЫ. 17.00 Т/Х «МІЗГІЛСІЗ МАХАББАТ». 19.00 COVERSHOW. 21.00 7 КҮН. 21.40 «ВЕНЕЦИЯ ЗОВЕТ», Х/Ф. 23.45 СПОРТ ӘЛЕМІ. 00.15 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ҚАРАҚАТПЕН ШАЙ. 08.00 КОНЦЕРТ. 09.30 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.00 «ВЕНЕЦИЯ ЗОВЕТ», Х/Ф. 12.00 М/Ф. 13.15 М/Ф «ГЛАВ И МЯУ». 13.30 БАЛАКАИ. 14.15 «ОРЕКЕТ». 14.45 COVER SHOW. 16.30 Т/Х «ДЕТЕКТИВ ӘЖЕ». 17.30 Т/Х «МІЗГІЛСІЗ МАХАББАТ». 19.30 JUP-JUBUMEN. 21.00 7 КҮН. 21.40 ОТЕЛ. ЖУРНАЛИСТСКИХ РАССЛЕДОВАНИЙ. 22.15 МЕҒАХИТ. «НА ГЛУБИНЕ 6 ФУТОВ». 00.15 СПОРТ ТАЙМ. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 28 тамыз	Сейсенбі, 29 тамыз	Сәрсенбі, 30 тамыз	Бейсенбі, 31 тамыз	Жұма, 1 қыркүйек	Сенбі, 2 қыркүйек	Жексенбі, 3 қыркүйек
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00 Т/Х «ВНЕ ВРЕМЕНИ». 07.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.55 НА САМОМ ДЕЛЕ. 12.00 Т/С «ОХОТА НА ИЗЮБРЯ». 14.10, 03.25 НОВОСТИ. 14.20, 03.35 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 KOREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. ОХОТА НА АРХИТЕКТОРА». 01.00 Т/С «УТРИОМ-РЕКА». 02.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.45 ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ МҰРАСЫ.	06.00 Т/Х «ВНЕ ВРЕМЕНИ». 07.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.55 НА САМОМ ДЕЛЕ. 12.00 Т/С «ОХОТА НА ИЗЮБРЯ». 14.10, 03.25 НОВОСТИ. 14.20, 03.35 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 KOREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. ОХОТА НА АРХИТЕКТОРА». 01.00 Т/С «УТРИОМ-РЕКА». 02.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.45 ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ МҰРАСЫ.	06.00 Т/Х «ВНЕ ВРЕМЕНИ». 07.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.55 НА САМОМ ДЕЛЕ. 12.00, 01.00 Т/С «УТРИОМ-РЕКА». 14.10, 03.25 НОВОСТИ. 14.20, 03.35 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 KOREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. ОХОТА НА АРХИТЕКТОРА». 01.00 Т/С «УТРИОМ-РЕКА». 02.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.45 ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ МҰРАСЫ.	06.00 Т/Х «ВНЕ ВРЕМЕНИ». 07.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.55 НА САМОМ ДЕЛЕ. 12.00, 01.00 Т/С «УТРИОМ-РЕКА». 14.10, 03.25 НОВОСТИ. 14.20, 03.35 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 KOREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. ОХОТА НА АРХИТЕКТОРА». 01.00 Т/С «УТРИОМ-РЕКА». 02.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.45 ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ МҰРАСЫ.	06.00 Т/Х «ВНЕ ВРЕМЕНИ». 07.00, 03.20 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.55 НА САМОМ ДЕЛЕ. 12.00 Т/С «УТРИОМ-РЕКА». 14.10, 01.50 НОВОСТИ. 14.20, 02.05 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.55 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.10 KOREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.00 Т/С «БИРЮК».	06.00 ТОЙ БАЗАР. 08.10, 03.35 «П@УТИНА». 09.00 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 10.00 «ТАК НЕ БЫВАЕТ», Х/Ф. 14.30 QOSLIKE. 17.15 DASTARKHAN. 18.30 АЙНА. 19.00 «ПЛАСТ», Х/Ф. 21.10 «КАЖЕТСЯ, НАДЕЖДЫ НЕТ», Х/Ф. 01.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.45 Т/С «МАЛЕНЬКАЯ БАРАБАНЩИЦА».	06.00, 03.45 ТОЙ БАЗАР. 07.35, 03.10 «П@УТИНА». 08.35 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 08.50 ПОЕХАЛИ! 09.40 QAIKAM. 10.15 «ТАК НЕ БЫВАЕТ», Х/Ф. 14.40 Т/С «КАЖЕТСЯ, НАДЕЖДЫ НЕТ». 18.40 ӘҒУҒАЙ. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «ПРИНЦЕССА-ЛЯГУШКА», Х/Ф. 00.40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

Біздің тәжірибемізде қазақ тілі – бай тіл. Тек сөздері ғылым жолына салынып реттелмеген тіл. Қазақ тілі ғылым жолына салынып реттелсе, ешбір жұрттың тілінен кем болатын емес, бұған илануымыз керек.

Халел ДОСМҰХАМЕДҰЛЫ.



ЖЕЛІЛІК ПОЛИЦИЯ ХАБАРЛАЙДЫ

ПЕТРОПАВЛ СТ. ЖПБ-ДЕ ТАБЕЛЬДІК ҚАРУМЕН ЖҮМЫС ІСТЕУ ДАҒДЫЛАРЫ МЕН ТӘСІЛДЕРІН ПЫСЫҚТАУ БОЙЫНША ОҚУ-ЖАТТЫҒУ САБАҒЫ ӨТКІЗІЛДІ



Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары, полиция генерал-лейтенанты И.В. Лепеханың жетекшілігімен өткен жедел кеңес шешімін орындау, сондай-ақ Петропавл станциясындағы ЖПБ бөлімшесі және де Мамлют ст. ЖПБ бөлімшесі қызметкерлерінің атыс және басқа да қаруды қолдану бойынша практикалық дағдыларын қалыптастыру және қызметтік міндеттерді орындау кезінде қару қолдану тактикасын жетілдіру, сонымен бірге кәсіби – даярлық деңгейін арттыру, олардың жауынгерлік білімін арттыру мақсатында бүгін Петропавл қаласындағы 6637 әскери бөлімінің полигонында Көліктегі ПД арнайы және жұмылдыру дайындығы басқармасының

қызметкерлері табельдік қарумен жұмыс істеу дағдылары мен тәсілдерін пысықтау бойынша оқу-жаттығу сабағын өткізді. Оқу-жаттығу сабақтарын өткізгеннен кейін, қарумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, Макаров тапаншасынан, АК-74У және ФОРТ-500 практикалық оқ атылды, сондай-ақ көзден жас ағызатын жарық дыбыстық гранаталарды қолдану бойынша жаттығулар өткізілді. Сондай-ақ тактикалық-арнайы дайындық бойынша сабақтар өткізілді (жеке қорғаныс және белсенді қорғаныс құралдарымен саптық тәсілдер жүргізілді).

Көлік сақшыларымен осындай оқу-жаттығу сабақтары ұдайы түрде өткізілетін болады.

Петропавл ст. ЖПБ.

ЗАҢ ЖӨНЕ ҚОҒАМ

ІТТЕР МЕН МЫСЫҚТАРДЫ СЕРУЕНДЕТУ ҚАҒИДАЛАРЫН БҮЗҒАН ТҮРҒЫНДАР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛАДЫ

Жыл басынан бері Петропавлда иттер мен мысықтарды бағып-қағу және серуендету қағидаларын бұзған 410 адам жауапкершілікке тартылды.



Петропавл қаласы полиция басқармасының қызметкерлері иттер мен мысықтарды ұстау және серуендету қағидаларының бұзылуына ескерту, тазалықты сақтау және абаттандыру ережелерін бұзудың алдын алу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Саябақтар мен көшелерде уәкелілік полиция инспекторлары жануарлардың иелерімен оңтүркісіз жұмыстарын жүргізіп, құқық бұзушылықтар үшін көзделген жауапкершілік туралы ескертеді. Рейдтік іс-шаралардың негізгі мақсаты – профилактикалық сипаттағы жұмыстар жүргізу және түсіндіру. Төрт аяқты серіктерін бағып-қағып жүрген қала тұрғындары полиция қызметкерлерінің жұмысына және бекітілген талаптарға түсіністікпен қарайды. Дегенмен, бұзушылықтар да жоқ емес. Адамдардың кейбірі иттеріне тымалдырақтарына тақпайды, оларды жетектеймі, қарғы бауын шешіп, бос қоя береді. Егер қабаған ит белгілі бір себептермен көшеде емін-еркін жүрсе, бұл айналадағылар үшін өте қауіпті.

Мұндай жағдайларда тәртіп сақшылары хаттама толтырады. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес, жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін 10 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл қарастырылған. Ол – 34 500 теңге. Жыл басынан облыс орталығында осындай бұзушылықтар үшін 400-ден астам адам жауапқа тартылды.

Петропавл қаласы ПБ жергілікті полиция қызметі бөлімінің бастығы Айдын Ақмағамбетовтың айтуынша, бұл жұмыстар күн сайын жүргізіледі екен. Негізінен, бұл – жеке сектор мен көпқабатты үйлерде тұратын жануарлардың иелері арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Уәкелілік полиция инспекторлары үй жануарларының иелерімен кездескен кезде үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларын қосымша түсіндіріп отырады. Бұл ережелер өткен жылдың қыркүйек айында облыстық мәслихаттың сессиясында бекітілді.

Сәрсенбі күні қалалық полицейлер абаттандыру ережелерін бұзудың 35 фактісін анықтады. Оның 31-інде ереже бұзушыларға ескерту берілді, 4 адамға айыппұл салынды. Бұдан бөлек, ит серуендеткен 4 адам ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 407-2-бабы бойынша жауапқа тартылды. Полицейлердің айтуынша, бұл жердегі мақсат – хаттама толтыру емес. Ең бастысы – адамдардың, әсіресе, балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көшелер мен аулаларда тазалықты сақтау.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

БІРҚАТАР ШЕТЕЛДІК АЗАМАТТАРДЫ ЕМХАНАҒА ТІРКЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ӨЗГЕРДІ

15 қыркүйектен бастап алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ұйымдарына еркін тіркелу бойынша жыл сайынғы науқан басталады. Бұлай еңбек мигранттары – шетелдіктерді емханаға тіркеу ережелері өзгерді. Енді олар емханаға келісімшартпен немесе ЕРІКТІ медициналық сақтандырумен, сондай-ақ ЖҮКТЕЛГЕН медициналық сақтандыру шартымен барулары керек. Жаңа ережелер ағымдағы жылдың 14 тамызында күшіне енді.

Еңбек заңнамасы және Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекске енгізілген өзгерістерге байланысты емханаларға тіркелу ережелері мен иммигранттарға медициналық көмек көрсету ережелері өзгерді. Бұйрықтарға енгізілген өзгерістер тек ЕАЭО-ға мүше елдердің (РФ, Беларусь, Қырғызстан, Армения) бірінің азаматтығы бар, ҚР-да уақытша тұратын шетелдіктерге – еңбек мигранттарына және олардың отбасы мүшелеріне (балалары мен жұбайларына) қатысты.

Жаңа қағидаларға сәйкес, бұл шетелдіктер емханаға еркті медициналық шарт (ЕМС) немесе алғашқы медициналық-санитариялық және шұғыл стационарлық көмекке жүктелген медициналық сақтандыру шарты (ЖМС) негізінде тіркеледі. Кейін шарт жасасқан мерзімі өткен жағдайда медициналық ұйымнан автоматты түрде шығарылады.

Емханаға тіркелу үшін оның басшысының атына қазақ немесе орыс тілінде еркін түрде өтініш жазу қажет. Өтінішпен бірге жеке басын куәландыратын құжатты (немесе шетелдік паспортты), ЕМС немесе ЖМС шартын тапсырады. Олардың заңды өкілі өтініш берсе, отбасы мүшелерінің келісімі қоса берілуі керек. Өтініш беруші медициналық ұйымға өзі жүгіне алады немесе оны сақтандыру компаниясы жасайды. Тіркеуге болатын емханалардың тізімі шарттың қосымшасында (ЕМС немесе ЖМС) көрсетілуі тиіс.

Айта кету керек, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен шартқа отырған алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға тіркелуге болады.

ЕАЭО шартында шетелдіктердің денсаулық сақтау саласындағы құқығы ғана емес, міндеттері де жазылған. Олардың қатарына ауруларды ерте анықтау үшін профилактикалық скринингтерден уақтылы өту, әйелдерді жүктілік бойынша уақтылы есепке қою (12 аптаға дейін), созылмалы және әлеуметтік маңызы бар ауруларды уақытша тұратын шетелдіктер айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар кезінде көрсетілетін медициналық көмекті қоспағанда, республикада тұрақты тұратындарға ғана көрсетілетін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) шеңберінде медициналық көмек ала алмайды.

ҚР азаматтары, қандастар және ҚР аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер үшін емханаға тіркелу тәртібі өзгеріссіз қалады.

Қордың www.fms.kz сайтындағы «Емхананы таңдау» бөлімінде тіркелуге болатын емханалар тізімімен танысуға болады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі.

ЖОБА

ҚОҒАМДЫҚ ТЫНДАУ ӨТЕДІ

«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласында тұрмыстық қатты қалдықтар полигонын ұйымдастыру» жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есең.

Қоғамдық тыңдау 02.10.2023 жылы сағат 11.00-де Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласында әкімдік ғимаратында өтеді.

Сондай-ақ тыңдаулар ZOOM бейнеконференциясы арқылы өтеді <https://us05web.zoom.us/j/8729531980?pwd=QzRWVUNuFhVlZFRmTUNUNTVRNU5PZz09>.

Идентификатор: 872 953 1980.

Құпиясөз: 06NWbX.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы – «Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы әкімінің аппараты» КММ, әзірлеуші: «Экологический проектный центр» ЖШС, байланыс деректері: 87152377905, электрондық мекенжай toover@mail.ru.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында <https://ecportal.kz/>, сондай-ақ ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat> «СҚО әкімдігінің

табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасында» КММ сайтында танысуға болады.

Қосымша ақпаратты жобаны әзірлеуші «Экологический проектный центр» ЖШС алуға болады 87152377905, toover@mail.ru.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында <https://ecportal.kz/>, сондай-ақ «СҚО әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасында» КММ Петропавл қаласы, Парковая көшесі, 57В үй, 440, 436 бөлме, эл.почта: prg@sko.gov.kz, тел.: 87152353638, 533651 қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Әзірлеушілер деректері: «Экологический проектный центр» ЖШС, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қ., Жамбыл көшесі, 156, БСН 160940027124.

АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

ҚҰРМЕТТІ МАҒЖАНДЫҚТАР!

Ағымдағы жылдың қазан айында Булаев қаласында 45 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға беріледі. Бұл ретте осы үйдегі пәтерлер «Отбасы банк» АҚ тұрғын үй кредиттеу бағдарламалары арқылы барлық иет білдірушілер үшін сатып алынатын болады, шаршы метрдің құны 160 мың теңгеге құрайды.

Үйде барлығы 15 бір бөлмелі, 15 екі бөлмелі және 15 үш бөлмелі пәтер бар.

Жалпы ауданы:
1 бөлмелі - 37 шаршы метр;
2 бөлмелі - 51 шаршы метр;
3 бөлме - 64 шаршы метр.

Пәтер сатып алу туралы барлық сұрақтар бойынша Сіз Отбасы банкінің кеңесшісі Г.Е. Жетпісбаеваға +7705 589 20 92 телефоны арқылы хабарласа аласыз.

ТҮЗЕТУ

17 тамызда жарияланған «Мағжан Жұлдызы» газетінің 33-ші нөмірінде: «Лебяжье ауылындағы атаусыз тұйық көшелерге атау беру туралы» деп оқылсын.

Директор - бас редактор
Неля ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі:
«Газета «Весты» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй.

Тел: 2-17-49.

Басылым индексі 65360
e-mail: magzhan.zhuldzizi@yandex.kz

Газет аптасына
1 рет бейсенбі күні
шығады

«Magjan juldzy» газеті редакцияда тірліп беттеледі.
«Северный Казахстан» баспаханасында басылды.
(Петропавл қ., Коммунах к-сі, 5 үй).
Тарапалымы - 665

Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясаты жүргізуі ресми басылым болып табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көңірінен білдіріледі. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан Жұлдызы» газетінің мәтініне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады